

Юбилейные даты

Ғылымның қара шаңырағы – ҚР ҰҒА 70 жыл

1946 жылы КСРО ҒА Қазақ филиалының негізінде Қазақ КСР Ғылым академиясы құрылып, 1 шілдеде оның алғашқы сессиясы ашылды. Мемлекет көлеміндегі ғылыми орталықтың құрылуы отандық ғылымның дамуыназор мүмкіндік жасады. Биыл осы Ғылым академиясының құрылғанына 70 жыл толып отыр.

2017 жылдың 22 ақпанында Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында ҚР Президенті, ҚР ҰҒА академигі Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының 70-жылдық мерейтойына арналған Жалпы жиналысының салтанатты сессиясы өтті.

Мерекелік жиналыста ҚР ҰҒА президенті М.Ж.Жұрынов өзінің баяндамасында мемлекеттің қалыптасуы мен дамуындағы академияның рөлін атап өтіп, Елбасының халықаралық аренадағы беделіне және президенттің жүргізіп отырған саясатының маңыздылығына ерекше тоқталып өтті.

Сессияға ҰҒА академиктері мен мүшеби-корреспонденттері, шетелдік мүшелері, еліміздің зиялдық аудиториясы мен зерттеу институттарының директорлары, жоғары оқу орындарының ректорлары, көрнекті қоғам және мәдениет қайраткерлері, «Ғылым ордасы» РМК қызметкерлері, шетелдік ғалымдарқатысты.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының 70-жылдығына орай Қазақстан Республикасы Президентінің архиві «Қазақстанның іргелі ғылымының қалыптасу тарихынан» атты құжаттық көрмесін ұйымдастырды. Осы шараны дайындау барысында Қазақстан ғылымының тарихы мұражайы қорынан мұражай қызметкерлері ҚР ҰҒА 70-жылдық мерейтойына орай жасаған фотокөрменің суреттеріалынып, көрмеге қойылды.



Келесі күні ҚР ҰFA президенті М.Ж.Жұрынов бірқатар ТМД мемлекеттірінің галымдарымен, оның ішінде Молдова Ғылым академиясының президенті F.F.Дука, Татарстан Ғылым академиясының президенті М.Х.Салахов, Украина ҰFA вице-президенті В.F.Кошечко және т.б.«Ғылым ордасы» РМК Қазақстан ғылыминың тарихы музейіне келді. Музей менгерушісі Назира Дүйсембаева қонақтаргаежелгі кезеңден бүгіндегі күнге дейінгі Қазақстан ғылыминың даму кезеңдері жайлы айтып, музей экспозициясымен таныстырып өтті.



*A.Қ.Даулбаева, магистр,
Қазақстан ғылыминың тарихы
музейінің ғылыми қызметкери*